

ЖЕДЕЛ АҚША САЛЫМЫН ОРНАЛАСТЫРУ ШАРТЫ

- 1.1. Банктің жедел салымын орналастыру Шарты (ары қарай Шарт) осы Шарттың ажырамас бөлігі табылады.
- 1.2. Шарт Банктің жинақтау шотындағы ақшаны орналастырудың ерекшеліктері мен тәртібін анықтайды. Банктегі Клиенттердің орналастыратын Салымдардың түрлері мен олардың жалпы талаптары, сондай-ақ қосымша жарналарды қабылдай алу/ бөліп алу мүмкіндігі Банктің өкілетті органымен бекітіледі, және Интернет желісінде www.alfabank.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми веб сайтында орналастырылады. Салымның нақты талаптары соның ішінде – Салым түрі (Банк ұсынатыннан), сома, мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі, соның ішінде жылдың тиімді сыйақы мөлшерлемесі, кезектілік және сыйақы төлеу әдісі Банк белгілеген үлгідегі салымды орналастыру - Өтініште көрсетіледі.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 2.1. Салымды орналастыру және Жинақтау шотын ашу үшін Клиент Банкке белгіленген үлгі бойынша, Салымның сәйкес түрін орналастыруға қажетті (Банк ұсынған) салымды орналастыруға Өтініш ұсынады. Қосымша құжаттарды ұсыну қажеттілігін Банк анықтайды және Клиентке мәлімет үшін жеткізіледі.
- 2.2. Банк Клиенттен қабылдап алып оны Жинақтау шотына Салымды орналастыруға Өтінішін белгілеген талаптарда орналастырылады.
- 2.3. Егер Салым Ағымдағы шоттан аудару арқылы жүзеге асырылса, Клиент салымды орналастыру Өтінішінде көрсетілген соманы сол Ағымдағы шотта қамтамасыз етеді. Банк қабылданған Өтініш негізінде Ағымдағы шоттан Салым сомасын алады (Клиенттің қосымша келісімінсіз тікелей дебеттеу арқылы) және алынған соманы Жинақтау шотына түсіреді.
- 2.4. Салым сомасы (қосымша жарнаның, егер мұндай мүмкіндік Салым талаптарымен қарастырылса) ағымдағы операциялық күннің соңына дейін Жинақтау шотына түседі. Операциялық күн аяқталғаннан кейін түскен сома, Жинақтау шотына келесі операциялық күні түседі.
- 2.5. Салым сомасы, Банктің ішкі құжаттары белгілеген сомадан аз болуы мүмкін емес. Қосымша жарналарды қабылдау мүмкіндігі Салым талаптарымен анықталады, сондай-ақ, Салым сомасы қосымша жарналардың есебімен Салымды орналастыру Өтінішінде көрсетілген Салымның ең жоғарғы сомасынан аспау керек.
- 2.6. Салымды ішінара бөліп алу мүмкіндігі Салымның талаптарымен анықталады, сонымен бірге, Клиент ішінара бөліп алуды салымды орналастыру Өтінішінде белгіленген талаптарға сәйкес, Жинақтау шотында төмендетілмейтін қалдықты сақтау арқылы жүзеге асырады. Салымды жүз миллион теңгеден жоғары сомада ішінара бөліп алу кезінде Клиент Банкке Салымды ішінара бөліп алу күнінен 1 (бір) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлайды.
- 2.7. Қосымша жарналарды енгізу / Салымның жартысын алу кезінде (егер осындай мүмкіндік Салымның талаптарымен қарастырылса) Салымның өскен немесе төмендеген сомасына сыйақы, Жинақтау шотына қосымша жарна сомасының түскен/Салымның бөлігін алған күнінен кейінгі күннен бастап есептеледі.
- 2.8. Салым Жинақтау шотында жатқан уақыты үшін Салымға оны орналастыру Өтінішінде көрсетілген мөлшерлеме бойынша саналатын сыйақы есептеледі. Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі Салымды мерзімінен бұрын алудан басқа жағдайда, мерзім аяқталғанша өзгермейді. Салым бойынша сыйақы есептеу кезінде жыл - бірдей 365 күнге, ай- айдағы күндердің нақты санына қабылданады. Сыйақы есептеу Жинақтау шотына Салым сомасының түскен күнінен кейінге күннен бастап есептеледі және Салымды орналастыру Өтінішінде көрсетілген Салым мерзімі аяқталатын соңғы күнмен есептеледі.
- 2.9. Салым бойынша сыйақы (кезектілік, мерзімі, талаптары және төлеу әдісі) Салым түріне байланысты, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес төленеді және салымды орналастыру Өтінішінде көрсетіледі.
- 2.10. Егер айдың соңғы күнтізбелік күні демалыс/мереке күнге түссе, сыйақы есептеу Салым қалдығына айдың соңғы жұмыс күні 9:00 жағдайына есептеледі, сыйақы төлеу демалыс/мереке күндерінің алдында айдың соңғы жұмыс күні Астана қ. уақытымен 12:00 кеш емес уақытта жүзеге асырылады. Сонымен қатар, айдың соңғы жұмыс күні демалыс/мереке күнінің алдында енгізілген қосымша жарна демалыс/мереке күндеріне сыйақы төленгеннен кейін Шарттың осы тармағына сәйкес есептелмейді.
- 2.11. Салым бойынша сыйақы төлеу кезінде, Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес (егер мұндай ұстау Қазақстан Республикасы заңнамаларымен қарастырылса), Банк төлем көзінен алынатын табыс салығын ұстайды.
- 2.12. Салым сомасын Ағымдағы шотқа ақша аудару арқылы қайтару, Клиент салымды орналастыру Өтінішінде көсеткендей жүзеге асырылады. Сонымен бірге, Салымды орналастыру мерзімі аяқталу

сәтінен бастап оған сыйақы есптелмейді. Салым сомасын қайтару Салым Мерзімі аяқталған соң келесі жұмыс күнінен кеш емес уақытта жүзеге асырылады.

- 2.13. Табыс салығының есебімен Салым бойынша төленген сыйақының мөлшері туралы ақпаратты Банк Клиенттің сұрауы бойынша, сұрау жіберілген күннен бастап, 3 банктік күнінен кем емес уақытта ұсынады.
- 2.14. Жинақтау шоты бойынша өкілетті органның (тұлғаның) шығын операцияларын тоқтату туралы шешімі түскен жағдайда, сондай-ақ өкілетті органның (тұлғаның) Клиенттің ақшасына тиым салу туралы шешімі түскен жағдайда, Салымға осындай шектеу уақытының барлық кезеңіне сыйақы Клиенттің салымды орналастыру Өтінішіне сәйкес есептеледі.
- 2.15. ҚР заңнамаларына сәйкес, Клиенттің келісімінсіз ақшаны алу құқығы бар тұлғалар және Банк, Клиент, Салым сомасын немесе оның бөлігін ішінара алуды қарастыратын мүмкіндігі бар Салымдар бойынша, соның нәтижесінде салым орналастыру Өтінішпен белгіленген төмендетілмейтін қалдықты қалдыру талаптары бұзылса, ол Салымды мерзімінен бұрын қайтаруға негіз болып табылады. Салымды мерзімінен бұрын қайтару Шарттың 3 тарауының есебімен жүзеге асырылады. Салым орналастыру Өтінішімен белгіленген төмендетілмейтін қалдық сақталған жағдайда сыйақы Салым орналастыру Өтінішіне сәйкес есептеледі.
- 2.16. ҚР заңнамаларына сәйкес, Клиенттің келісімінсіз ақшаны алу құқығы бар тұлғалар және Банк Клиент, Салым сомасын немесе оның бөлігін ішінара алуды қарастыратын мүмкіндік жоқ Салымдар бойынша, Салымды мерзімінен бұрын қайтаруға негіз болып табылады. Салымды мерзімінен бұрын қайтару Шарттың 3 тарауының есебімен жүзеге асырылады.
- 2.17. Талаптар егер ол Шартпен және оған басқа Қосымшалармен қарастырылмаса, Клиенттің Салымды орналастыру Өтінішіне сәйкес ашылған барлық Жинақтау шоттарына таратылады. Клиенттің барлық Өтініштері Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3. САЛЫМДЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН АЛУ

- 3.1. Салымды мерзімінен бұрын алу, Банкке Салымды алу күніне дейін 5 жұмыс күнінен кем емес ұсынылатын, Клиенттің бастамасы бойынша оның өтінішінің негізінде жүзеге асырылады немесе Банктің Талаптарына сәйкес, сондай-ақ Талаптармен анықталған басқа жағдайда.
- 3.2. Салымның сомасын қайтару (Жинақтау шотындағы қалдық) Салымды мерзімінен бұрын алатын жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары белгілеген тәртіппен және талаптармен Банк жүзеге асырады.
- 3.3. Салымның Шоттағы болған нақты кезеңі үшін сыйақы мөлшері (қосымша жарналар мен ішінара алу есебімен-егер болған жағдайда), Салымды мерзімінен бұрын алу сәтіндегі қолданыста сәйкес түрдегі және мерзімдегі, мерзімінен бұрын талап етілетін салымдар үшін белгіленген Банк тарифтеріне қайта есептеледі. Сыйақы төлеу, ағымдағы шотқа талап етілген Салымның сомасын қайтарумен бірге жүзеге асырылады.
- 3.4. Егер Салым бойынша сыйақы төлеу тәртібіне сәйкес, салымды орналастыру Өтінішінде белгіленген, Салымды мерзімінен бұрын талап ету сәтіне дейін Салым бойынша сыйақы алынған болса, мөлшерлеме бойынша есептелген, салымды орналастыру Өтінішіне сәйкес белгіленген сыйақы мен Салымды мерзімінен бұрын алу кезіндегі салым орналастыру Өтінішінде көрсетілген мөлшерлерме бойынша бойынша есептелген сыйақы арасындағы айырмашылықты Банк Салым сомасынан ұстайды. Егер Жинақтау шотында қалдық ақша жоқ болса немесе қалдық ақша Банкке мұндай айырмашылықты өтеуге жеткіліксіз болса, айырмашылықты алуды (сондай-ақ, Клиенттің Банк алдындағы кез-келген берешектерін) Банк Шарттың 5.2. және 5.3. т.т. белгілеген тәртіпте жүзеге асырады.

4. КЛИЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Клиент құқылы:

- 4.1.1. Салымды орналастыру Өтінішінде анықталған талаптарда және кезектілікпен, Салым бойынша сыйақы алуға;
- 4.1.2. Салым мерзімі аяқталуы бойынша Салым сомасын/ Клиенттің қосымша жарналары мен Салым бөлігін алу есебімен Жинақтау шотындағы қалдық сомасын алуға (егер қосымша жарналар/ ішінара алу Салым талаптарымен қарастырылса). Салым сомасын (Жинақтау шотындағы қалдық шегінде) Банк Ағымдағы шотқа аударады;
- 4.1.3. Талаптың 3 тарауының есебімен Банкке жазбаша өтініш беру арқылы Салымды мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;
- 4.1.4. Салым талаптарымен белгіленген, Салым мерзімі аяқталғанша (егер Салым талаптарымен қарастырылса) шектеулер есебімен, Жинақтау шотына қосымша жарналар енгізу (Салым сомасын өсіру);

- 4.1.5. Салым талаптарымен анықталған шектеулер есебімен Салым бөлігін талап етуге (егер Салым талаптарымен қаратырылса).

4.2. Клиент міндетті:

- 4.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамаларына және банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Жинақтау шотын ашуға қажетті құжаттарды ұсынуға;
- 4.2.2. Салымды орналасыруға Өтінішке қол қойған күннен бастап, 5 жұмыс күні ішінде Салым сомасын қолма - қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз салуға;
- 4.2.3. Банк қызметтерін Банк тарифтеріне сәйкес төлеуге;
- 4.2.4. Банкке төлем құжаттарына қол қою құқығы бар тұлғалардың ауысқаны туралы Шартпен белгіленген уақытта хабарлауға;
- 4.2.5. Шарттың талаптарын қатаң орындауға.

5. БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1. Банк құқылы:

- 5.1.1. өздігімен Жинақтау шотын ашу туралы немесе бас тарту туралы шешімді қабылдауға;
- 5.1.2. салымды орналастыру Өтінішіне қол қойған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Салым сомасы түскен жағдайда оны қайтаруға;
- 5.1.3. Банкке тиесілі комиссия сомасын, басқа төлемдерді, Клиенттің Банк алдындағы Талаптар/кез-келген басқа міндеттемелер бойынша (кез-келген басқа берешектер), Жинақ шотына қате есептелінген соманы (осындай қате есептеудің себебіне байланысты емес), Банк пайдасына Шарттың 5 тарауында анықталған тәртіпте алуға;
- 5.1.4. салымды орналастыру Өтінішіне қол қойған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Салым сомасы түспеген жағдайда, сондай-ақ Салым мерзімі аяқталуы бойынша және Талаптарға сәйкес Салымды қайтарудың басқа жағдайларында, Клиенттің Өтінішінсіз Жинақтау шотын жабуға;
- 5.1.5.** Банк Клиенттің немесе оның өкілетті тұлғаларының нұсқауын, Жинақтау шоты бойынша операциялар орындау туралы, егер ондай нұсқаулар және оған берілетін құжаттар ҚР қолданыстағы заңнамаларына және банктің ішкі құжаттарына қайшы келетін болса, Жинақтау шотында ондай операцияларды орындауға жеткілікті сома жоқ болса, орындаудан бас тартуға құқылы.

5.2. Банк міндетті:

- 5.2.1. Шоттағы Салымды ескеруге және Шарттар мен салымды орналастыру Өтінішіне сәйкес, Салым сомасына сыйақы тағайындауға;
- 5.2.2. Салымды мерзімінен бұрын қайтарылса, Салым бойынша сыйақы сомасын Салымның Шоттағы нақты болған кезі үшін Шарттың 3 тарауы есебімен қайта есептеуді жүзеге асыруға және Салым сомасы (Шоттағы қалдық шегінде) және қайта есептелген сыйақыны Ағымдағы шотқа қайтаруға.
- 5.2.3. Салым мерзімінің аяқталуы бойынша, Салым сомасын және оған есептелген сыйақыны деректері салымды орналастыру Өтінішінде көрсетілгендей және Талартарға сәйкес Ағымдағы шотқа қайтаруға;
- 5.2.4. Клиенттің талаптары бойынша егер Салым талаптарымен қарастырылса, Салымның бөлігін Салым талаптарымен анықталған шектеулер есебімен беруге.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ. ЖАУАПКЕШІЛІКТІ АЛЫП ТАСТАУ

7.

- 7.1. Тараптардың әр қайсысы өздеріне алынған міндеттемелерді бұзғаны үшін Талаптар мен салымды орналастыру Өтінішіне сәйкес екінші Тараптың алдында Шарттың Талаптарына сәйкес, ал жауапкершілік Шартпен қарастырылмаса, ҚР заңнамаларына сәйкес жауапты.
- 7.2. Банк Талаптар бойынша Клиенттің өз міндеттерін орындамауы/ тиісті түрде орындамауына, соның ішінде Банкке Жинақтау шоты, Ағымдағы шоты бойынша өкілетті органның (тұлғаның), сондай-ақ, ҚР заңнамаларына сәйкес Клиенттің келісімсіз ақшаны алу құқығы бар үшінші тұлғалардың шығын операцияларын тоқтату туралы шешімі/қаулысы түскен жағдайда, сондай-ақ өкілетті органның (тұлғаның) Клиенттің ақшасына тиым салу туралы шешімі/қаулысы түскен жағдайда, Жинақтау шотына ақша есептеу мүмкін болмаған жағдайда жауапты емес және шығынды өтемейді.

8. БАСҚАДАЙ ТАЛАПТАР

- 8.1. Талаптарға өзгерістер Шартпен белгіленген тәртіпте енгізіледі.
- 8.2. Клиент кез-келген уақытта біржақты тәртіпте осы талаптардың бөлігіндегі Салымды(-дарды) мерзімінен бұрын алуды жүзеге асыруға, осы Талаптармен белгіленген тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

- 8.3. Осы Шарттың қызметі Банктің бастамасы бойынша, ҚР заңнамаларымен және Шартпен қарастырылған жағдайда, Шартпен белгіленген тәртіпте тоқтатылуы мүмкін. Мұндай жағдайда, Банк Салымның (-дардың), Салым (-дар) қалдығын (орын алған қосымша жарналар/алымдар есебімен) және Банк хабарламасында көрсетілген күнге Ағымдағы шотқа есептелген сыйақыны қайтаруды жүзеге асырады, бірақ хабарламаны жолдаған күннен кейінгі 5 (бес) күннен кем емес. Сонымен қатар Салым бойынша сыйақы (әр/кез-келген Салым бойынша) салым орналастыру Өтінішіне сәйкес, Шоттағы Салымның орналастырудың нақты мерзімі үшін есептеледі (Салымды орналастыру күнінен қайтару күніне дейін).